Әділет

# Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

*Күшін жойған*

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 07 сәуірдегі N 41 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Балқаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 13 мамырда N 2-6-70 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы N 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2011.03.31 N 31 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19-бабының 3-тармағына, 20-бабының 1-тармағына, 23-бабының 1-тармағына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті әскери қызметке мерзімді шақыру туралы" N 960 Жарлығы және Алматы облысы әкімдігінің 2010 жылғы 30 наурыздағы " Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 36 қаулысы негізінде аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бақанас ауылы Қонаев көшесі, 35 үй мекен-жайындағы шақыру учаскесіне Балқаш аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа толмаған ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған жиырма жеті жасқа толмаған ер азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылуын жүргізу 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында ұйымдастырылсын және қамтамасыз етсін.

2. Селолық округ әкімдері 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру кезеңінде әскер қатарына шақырылғандарды олардың шақыру учаскесіне шақырылғаны туралы хабардар етіп, олардың дер кезінде келуін қамтамасыз етілсін.

3. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы N 1-қосымшаға, азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі N 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. "Балқаш аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Халықов Кәдір) әскерге шақыруға байланысты жұмыстарды қаржылай қамтамасыз етуді жүргізсін.

5. "Балқаш ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Көшербаев Марат Жеңісұлы) осы қаулының орындалу барысы туралы көктемгі шақыру бойынша 2010 жылғы 20 шілдеге дейін және күзгі шақыру бойынша 2011 жылдың 20 қаңтарына дейін аудан әкімі аппаратын хабардар етсін.

6. Балқаш аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы "2009 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруын жүргізуді ұйымдастырып, қамтамасыз ету туралы" N 70 қаулысының (Балқаш аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 18 маусымдағы N 2-6-59 нөмірімен тіркелген және "Балқаш өңірі" газетінде 2009 жылғы 27 маусымдағы N 26 нөмірімен жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Рахымбаев Бақытбек Рахымбайұлына жүктелінсін.

8. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Балқаш ауданы әкімі Е. Қошанбеков*

Балқаш аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуір "Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 41 қаулысына N 1-қосымша

## Балқаш ауданы шақыру комиссиясының құрамы

Көшербаев Марат Жеңісұлы - комиссия төрағасы, Балқаш ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы;

Рыхымбаев Бақытбек Рахымбайұлы - комиссия төрағасының орынбасары, Балқаш аудан әкімінің орынбасары;

Рыскелдиев Кайрат Жұмағалиұлы - Балқаш аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары;

Көжекбаев Ілімбай Көжекбайұлы - Балқаш аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны бастығының орынбасары;

Кабильдинова Рабига - комиссия хатшысы, Балқаш аудандық мейірбике орталық аурухана мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны.

Балқаш аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуір "Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 41 қаулысына қосымша

## Әскерге шақырылғандарды медициналық тексеруден өткізу комиссиясының құрамы:

Көжекбаев Ілімбай Көжекбайұлы - аудандық орталық аурухана мемлекеттік қазналық кәсіпорны бастығының орынбасары:

Құлжабекова Фая Қағазбекқызы - орталық аурухананың терапевт дәрігері;

Иманалиев Даурен Жумагазиевич - орталық аурухананың хирург дәрігері;

Құдагелдиев Мейрамбек Жүсіпұлы - орталық аурухананың дермавенеролог дәрігері;

Дербенев Владимир Сергеевич - орталық аурухананың нервопотолог дәрігері;

Құдагелдиев Мейрамбек Жүсіпұлы - орталық аурухананың психиатр дәрігері;

Пірманова Меруерт - орталық аурухананың окулист дәрігері;

Малтабарова Бақыт Ахиятқызы - орталық аурухананың стоматолог дәрігері;

Малчубаев Абдығали Саматұлы - орталық аурухананың лор дәрігері.

Балқаш аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 7 сәуір "Қазақстан Республикасының 1983-1992 жылдары туылған азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында әскери қызметке кезекті шақыру туралы" N 41 қаулысына 2-қосымша

## Азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| | | | Өткізу күндері |
|---|---|---|---|

| N p/c | Селолық аймақтардың аталуы | Барлығы | Сәуір айы | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақдала с/ә | | 1 | 2 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | |
| 2 | Аққөл с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Ақжар с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Бақанас с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | Бақбақты с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Береке с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Бірлік с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | Балатопар с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | Жиделі с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 10 | Желторанғыл с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Қарой с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 12 | Көктал с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 13 | К-Торап с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 14 | Құйған с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | Миялы с/ә | | | | | | | | | | | | | | |
| | БАРЛЫҒЫ: | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 |

кестенің жалғасы

| N p/c | Селолық аймақтардың аталуы | Барлығы | Өткізу күндері | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Қазан айы | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Ақдала с/ә | | 1 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | | | | | | |
| 2 | Аққөл с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | Ақжар с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 4 | Бақанас с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 5 | Бақбақты с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | Береке с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 7 | Бірлік с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 8 | Балатопар с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 9 | Жиделі с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 10 | Желторанғы с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 11 | Қарой с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 12 | Көктал с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 13 | К-Торап с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 14 | Құйған с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | Миялы с/ә | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | БАРЛЫҒЫ: | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | | | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | 50 | | | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК